

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» ЖАЛҒАСАДЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ӨНЕР ТІЛІНДЕГІ ӨМІР

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Әлемдік тәжірибеге қарасақ, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популистердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

№2-3
(4901)
Сенбі
10 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қала тұрғындарын ересектерге арналған тегін қазақ тілі курсына қатысуға шақырады.

Қазақ тілін меңгеруге ниетті астаналықтар үшін арнайы ұйымдастырылған курсқа өтініштер 2026 жылғы 8-23 қаңтар аралығында қабылданады. Сабақтар 2026 жылдың 2 ақпанында басталады.

Курс оффлайн және онлайн форматта өткізіледі. Оқу ұзақтығы – 4 ай, сабақтар аптасына 3 рет өтеді. Оқу бағдарламасын толық аяқтаған қатысушыларға сертификат табысталады.

Курсқа тіркелу мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9-үй, 209-кабинет. Байланыс телефондары: +7 (7172) 24-90-52; +7 747 248 82 20.



Астанада жеңіл атлетикадан жабық кешендегі Қазақстан чемпионаты басталды.

Кеше «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешенінде жалауын көтерген чемпионатқа еліміздің 18 өңірінен, оның ішінде Қазақстан ұлттық құрамасының спортшылары қатысуда. Жарыс барысында 31 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Еліміздің үздік жеңіл атлеттерінің тартысты бәсекелерін «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешеніне келіп тамашалауға болады.



ГАЗБЕН ЖЫЛЫТУ СТАНСАСЫ САЛЫНАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек кезекті газбен жылыту стансасы салынатынын мәлім етті.

– Елордада инфрақұрылымды озық дамыту мақсатында тіршілікті қамтамасыз ету нысандарын салып жатырмыз. Бұл нысандар қаланың жылу және электр қуатын, сондай-ақ сумен жабдықтауды арттыруға мүмкіндік береді. Біз үшінші ауыз су станциясын (ССС-3), газбен жұмыс істейтін жылыту қондырғыларын, электрлі қосалқы станциясын және басқа да нысандарды салып, пайдалануға бердік, – деді қала әкімі Ж.Қасымбек.

Мәселен, жаңа жылу көздерін іске қосу жылу жүйесінің қуатын 34%-ға арттырды, профицит мөлшері – 500 Гкал/сағ. Қазіргі жылыту маусымы қалыпты режимде өтіп жатыр. Мысалы, ауа температурасы -20°С болған жағдайда жылу профициті шамамен 1500 Гкал/сағ.

– Жылу қуатын сақтау мақсатында 710 МВт қуатты жаңа «Тельман» газ жылу станциясын салып жатырмыз. Жобаның жүзеге асырылуы нәтижесінде «Бағыстан» тұрғын үй кешені, Тельман елді мекені және Ұлы Дала даңғылы аудандары орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етіледі. Табиғи газдың пайдаланылуы экологиялық жағдайды жақсартып, Тельман ауданындағы ауаның ластану деңгейін төмендетеді. Сол сияқты ЖЭО-2-ні кеңейту бойынша дайындық басталды және ЖЭО-3-тің екінші кезегін жобалау жұмысы жүріп жатыр, – дейді қала басшысы.

ТАЛПЫНҒАНҒА ЖҰМЫС ТАБЫЛДЫ


Астана қаласы әкімдігінің Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте елордадағы халықты жұмыспен қамту бағытында атқарылған жұмыстар туралы мәлімет жарияланды.



«Қазіргі таңда Астанада жұмыссыз ретінде тіркелген 15 068 адам бар, олардың 5 292-сі – жастар. 11 мыңнан астам азамат жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алып отыр, ал 1 947 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуда» дейді Астана қаласының Еңбек мобильділігі орталығының директоры Олжас Омар.

2025 жылдың қорытындысы бойынша елордада жұмыспен қамту шараларымен барлығы 17 146 адам қамтылған. Оның ішінде 3 145 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылған. Сонымен қатар 3 253 адам қоғамдық жұмыстарға, 1 052 жас жастар практикасына, 260 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген. «Күміс жас» жобасы аясында 798 адам еңбекке тартылған.

10-11 ҚАҢТАР
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ
Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар.
Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді.
Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тас жолы, 35Б.



№2-3 (4901) 10/01/2026 Сенбі



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Ақорда резиденциясында АҚШ елшісі Джули Стафт пен Болгария елшісі Георги Воденскидің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Болгария елшісі арқылы Президент Румен Радевке сәлемін жолдап, оның былтыр елімізге жасаған ресми сапары екіжақты қарым-қатынасқа айтарлықтай тың серпін бергенін айтты.

«Сіздің еліңізбен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Саяси, сондай-ақ экономикалық бағыттағы ықпалдастық аясын кеңейту үшін қолдан келген мүмкіндіктің бәрін жасаймыз» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Джули Стаффтпен әңгімелесу барысында АҚШ-қа жасаған сапары табысты өткенін ықыласпен еске алды. «Президент Дональд Трамп мырзамен достық рәуіште мазмұнды әңгіме өрбітіп, келіссөздер жүргіздік. Таяуда біз телефон арқылы емен-жарқын сөйлесіп, екіжақты ынтымақтастығымызға қатысты көптеген мәселені талқыладық. Мені жыл соңында Құрама Штаттарда өтетін G20 саммитіне қатысуға шақырғаны үшін алғыс айтамын. Біз көптеген саладағы стратегиялық серіктестігімізді дамытып, нығайтуға күш саламыз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттері басшыларына ізгі тілегін жолдады.

КӨШІ-ҚОНДАҒЫ ЖАҢА ТӘРТІП

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Үкіметтің 2025 жылғы желтоқсанда қабылдаған 2030 жылға дейінгі көші-қон саясаты тұжырымдамасының негізгі ережелерін түсіндірді. Оның айтуынша, қазіргі заманда көші-қон саясаты қоғамдағы, экономикадағы және әлемдегі өзгерістердің айқын көрсеткішіне айналып отыр. Сондықтан көптеген елдер өз көші-қон саясатын қайта қарап жатыр.

Қазақстан да бұл бағытта нақты қадамдар жасап, көші-қон жүйесін заман талабына сай жаңартып келеді. Ол ашық әрі айқын болып, ең бастысы, мемлекет пен азаматтардың мүддесіне қызмет етуге тиіс.

«2025 жылғы желтоқсанда Үкімет 2030 жылға дейінгі көші-қон саясатының тұжырымдамасын қабылдады. Бұл құжатта экономиканың қажеттілігі, азаматтардың мүддесі мен ұлттық қауіпсіздік мәселелері жан-жақты қарастырылған. Ең алдымен, біз Қазақстан азаматтарының мүддесін басшылыққа аламыз. Шетелдік жұмыс күші тек нақты кадр тапшылығы бар салаларға ғана тартылады. Көші-қон бағыт-бағдары өңірлер мен нақты жобалардың сұранысына сай қалыптасады» деді ол.

Бұл ретте басты назар «Заң және Тәртіп» қағидатының сақталуына аударылмақ. «Заң бәріне ортақ. Сондықтан көші-қон талаптарын бұзғандар жауапкершіліктен сырт айналып кете алмайды. Бұл талап мигранттарға да, жұмыс берушілерге де бірдей қолданылады. Қауіпсіздік елге кіруден бастап, елден шығуға дейін толық қамтамасыз етіледі. Біздің мақсатымыз – Қазақстанға заңды сыйлайтын, мәдениетімізді құрметтейтін адамдардың келуі» деп түсіндірді министр.

2026 жылғы қаңтардан бастап жаңа тәртіп енгізіледі. Шетел азаматтары, соның ішінде этникалық қазақтар, алдын ала іріктеуден өтеді. Оған мемлекеттік тілді білу тесті, цифрлық сауалнама, уәкілетті органдардың тексерулері және әңгімелесу кіреді. «Мемлекеттік қолдауға үмітті қандастарымыз үшін арнайы тәртіп бар. Мемлекеттік жеңілдіктер мен қолдау бағдарламаларын пайдалану үшін олар қандас мәртебесін рәсімдеп, еңбек күші тапшы өңірлерге қоныстануы керек. Бұл – Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Атырау, Батыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары. Біз отандастарымызды мемлекеттік стратегияны ұстануға шақырамыз. Өңірлік квотаға кірген қандастар көшіп келген кезде 5 жылға әлеуметтік келісімшарт жасайды. Мемлекет оларға көшуге, баспанаға және жұмысқа орналасуға көмектеседі. Ал егер отбасы бес жыл өтпей басқа өңірге көшсе, алған көмекті қайтаруға тиіс болады» деп түсіндірді Аида Балаева.

Сонымен қатар балама жол да бар. Яғни, мемлекеттік қолдаусыз, жалпы тәртіппен тұрақты тұруға рұқсат алу. Бұл жағдайда өңірді өз қалауыңызша таңдай аласыз. Министрдің айтуынша, жаңа көші-қон саясаты кезең-кезеңімен енгізіледі. Қоғамның, бизнестің және өңірлердің пікірі ескеріледі. Заңды құрметтейтін, адал азаматтарға әрдайым басымдық беріледі. Цифрлық құралдар заңсыз әрекеттер мен жалған құжаттарды жоюға мүмкіндік береді. «Көші-қон мәселесі заңды, қауіпсіз әрі бақылауда болуға тиіс. Тек сонда ғана ол мемлекетіміз бен азаматтарымыздың мүддесіне сай келеді» деп түйіндеді сөзін Премьер-министрдің орынбасары.



АЛДА АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринмен және Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевпен жұмыс кеңесін өткізді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысына Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы қызметінің аралық нәтижелері туралы мәлімет берді. Мәселен, e-Otinish мемлекеттік платформасы мен Egov сервисінің «Парламенттік реформа» арнайы бөлімі іске қосылғаннан бері 500-ге жуық ұсыныс келіп түскен. Халық арасынан, сарапшылардан және қоғамдық ұйымдардан жолданған ұсыныстар мен бастамаларды талдау, жүйелеу жұмыстары жалғасып жатыр.

Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының бұған дейінгі отырыстарында бір палаталы Парламентті қалыптастыру және оның заңнамалық функцияларын жүзеге асыру мәселелері талқыланды. 9 қаңтарға жоспарланған Жұмыс тобының кезекті жиынында қалған бағыттар бойынша ұсыныстар егжей-тегжейлі қаралады.

Сонымен қатар Мемлекеттік кеңесші Президентке Ұлттық құрылтайдың жұмыс секциялары бойынша желтоқсан айында өткен отырыстың қорытындылары және Құрылтайдың алдағы бесінші басқосуына дайындық барысы туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев Парламентті реформалау саяси жүйені трансформациялау үдерісінде ерекше рөл атқаратынын атап өтіп, алда ауқымды өзгерістер күтіп тұрғанына назар аударды. Сондай-ақ барлық бастаманы жан-жақты саралап, оның негізінде конституциялық реформаның базалық тәсілдерін әзірлеуді тапсырды.



ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАШАН ЕНГІЗІЛЕДІ?

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев денсаулық сақтау жүйесін цифрлық трансформациялау мәселелеріне арналған жұмыс кеңесін өткізді. Кездесу барысында медициналық көмектің сапасына тікелей әсер ететін нақты басымдықтар талқыланды.



Атап айтқанда, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне түсетін әкімшілік жүктемені азайту, процестердің ашықтығын қамтамасыз ету және деректермен жұмыс істеу арқылы саланы тиімді басқару мәселелері қаралды.

Медициналық қызмет сапасы мен көлемін жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы бақылау жүйесін құру міндетін бұған дейін Мемлекет басшысы өз Жолдауында белгілеген болатын. Цифрлық трансформация аясында қолданыстағы ақпараттық жүйелерді шоғырландыру, сондай-ақ Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйені (БММАЖ) және медициналық деректердің бірыңғай қоймасы – Smart Data Healthcare жүйесін дамыту жоспарлануда. Аталған платформа денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы ақпараттық жүйелердегі (соның ішінде жеке медициналық ақпараттық жүйелердегі) мәліметтерді біріктіріп, деректерге негізделген кешенді талдау, болжау және басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Азаматтар үшін бұл медициналық қызметтерді түсінікті ете түседі: оларда өздерінің электрондық денсаулық паспортына қол жеткізу, тағайындауларды, көрсетілген қызметтерді және емдеу тарихын «деректерді пациенттің өзі бақылайды» қағидаты бойынша цифрлық форматта қадағалау мүмкіндігі пайда болады. Сервистерді ыңғайлы ету мақсатында барлық шешімдер QazTech платформасында орналастырылып, eGov жүйесімен біріктіріледі. Бұл азаматтарға артық анықтамасыз немесе кезексіз, медициналық қызметке жылдам әрі оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау жүйесі үшін негізгі міндеттердің бірі – деректерді қорғау және бұрмалаудың алдын алу. Медициналық ұйымдарда пациенттердің нақты келуін тіркейтін faceID тетіктері енгізілген. Енді оны екі тәсілмен: eGov Mobile қосымшасы арқылы немесе биометриялық сәйкестендіру көмегімен растауға болады.

Сонымен қатар өткен жылдан бастап «Әлеуметтік әмиян» жобасы жүзеге асырылуда. Оның аясында азаматтар амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шеңберіндегі кепілдендірілген дәрілік заттар пакетін ала алады. Қызмет 700-ден астам мемлекеттік дәріхананы қамтиды (17 млн рецептінің 13,9 млн-ы «Әлеуметтік әмиян» жобасының цифрлық тетігі арқылы рәсімделген). Биыл бұл тәжірибені қосымша төлем тетігін пайдалана отырып, жекеменшік дәріханаларда да кеңінен қолдану жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, медициналық қызметтерге ваучер алу мүмкіндігін енгізу көзделуде. Бұл азаматтар үшін медициналық көмек алу процесін одан әрі ашық әрі ыңғайлы етеді.

Цифрлық шешімдер кезең-кезеңмен енгізіледі. Негізгі мақсат – азаматтарға нақты нәтиже ұсыну және дәрігерлер мен жалпы денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені азайту.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» ЖАЛҒАСАДЫ

Астанада 2026 жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасын іске асыру жалғасып жатыр. Аталған жоба аясында тұрғындар өз аулаларын абаттандыруға және жаңартуға мүмкіндік алады. Қазіргі уақытта аудандық әкімдіктерде тұрғындардан өтінім қабылдау басталды.



«Халық қатысатын бюджет» жобасы азаматтардың бастамаларын қолдауға, атап айтқанда, аулаларды күрделі жөндеуден өткізуге, гүлзарларды, саябақтарды және өзге де қоғамдық кеңістіктерді құруға бағытталған. Бағдарлама 7 кезеңнен тұрады: сараптамалық кеңес құру, өтінім қабылдау, жобалық ұсыныстарды талдау, дауыс беру, қорытынды шығару, жұмыс жоспарын әзірлеу және жобаларды іске асыру.

Байқоңыр ауданының тұрғындары өтінімдерін аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсы – www.baikonyr-astana.kz сайтының «Халық қатысатын бюджет-2025» бөліміне жолдай алады. Өтінім қабылдау 1 наурызға дейін жалғасады.

Алматы ауданында тұрғындардан өтінім қабылдау 5 қаңтарда аяқталды. Қазіргі уақытта түскен ұсыныстарды талдау және тексеру жүріп жатыр. Дауыс беру 25 қаңтар мен 16 ақпан аралығында өтеді. Ол үшін аудан әкімдігінің сайтында немесе Egov Mobile қосымшасында ЭЦҚ арқылы авторизациядан өту қажет.

Сарайшық ауданында өтінім қабылдау 20 қаңтарда басталады. Өтінім қабылдау кезеңінде қатысушылар нақты өзгерістер мен бюджеттік есепті көрсете отырып, абаттандыру жоспарын әзірлеуі тиіс. Дайын жобалар аудан әкімдігінің ресми сайтындағы «Пайдалы сілтемелер» бөлімінде орналасқан «Халық қатысатын бюджет-2025» бөліміне жүктеледі. Техникалық талдау мен тексеруден кейін жобалар дауыс беру кезеңіне өтеді. Жоба бұл ауданда 2025 жылдан бері жүзеге асырылып келеді.

Сарыарқа ауданында да өтінім қабылдау 20 қаңтарда басталады. «Халық қатысатын бюджет» жобасы бұл ауданда 2019 жылдан бері табысты іске асырылып келеді. Осы уақыт ішінде тұрғындардың 157 бастамасы жүзеге асырылды. Тек өткен жылдың өзінде 52 аула жаңартылып, оның 36 жобасы тұрғындардың тікелей қатысуымен іске асқан.

Нұра ауданының тұрғындарынан өтінім қабылдау да қаңтар айында басталады. Жоба аясында Астанада жыл сайын 100-ден астам аула жаңартылады. Тұрғындар бағдарламаға қатысу арқылы өз аулаларын жақсартуға бағытталған жеке ұсыныстарын ұсына алады.

Есіл ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша өтінім қабылдау 2026 жылғы 23 қаңтар мен 1 наурыз аралығында жүргізіледі. Осы кезеңде тұрғындар абаттандыруға қатысты нақты ұсыныстарын және қажетті бюджет есебін көрсетіп, бастамаларын жолдауы тиіс. Жобалар аудан әкімдігінің ресми сайтындағы «Халық қатысатын бюджет-2026» бөлімі арқылы қабылданады.

Ал 4 мамырға дейін сараптамалық кеңес іріктелген бастамаларды іске асырудың басымдықтарын айқындайды. Тұрғындар қолдаған жобаларды іске асыру 2025 жылғы 4 мамыр мен 15 қыркүйек аралығына жоспарланып отыр.



ТҰРҒЫНДАР ПІКІРІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай «Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институтының ұжымымен кездесіп, қала құрылысы саясатының өзекті мәселелерін талқылады.

Кездесудің негізгі өзегі – Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес Астананы тұрғындар үшін қауіпсіз, жайлы және өмір сүру сапасы жоғары заманауи мегаполис ретінде дамыту болды. Сұхбат барысында қаланың 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына енгізілген өзгерістер мен елордалық агломерацияны қалыптастыру жобалары ерекше қаралды.

Сенатор сөзінде қаланың сәулеттік келбетін дизайн-код талаптарына сай қалыптастыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және көлік жүйесін жаңғырту қажеттігіне тоқталды. Әсіресе, соңғы екі жылда Парламент қабылдаған заңнамалық өзгерістер, соның ішінде Жер кодексіне енгізілген түзетулер жер ресурстарын тиімді пайдалануға және нысандарды бөлудегі ашықтықты арттыруға жол ашатынын атап өтті. Жаңа талаптар бойынша құрылыс кезінде жасыл аймақтарды сақтау, инклюзивті орта құру және қоғамдық көлік жүктемесін азайту басты басымдыққа ие.

Кездесуді қорытындылай келе, Бибігүл Жексенбай қала құрылысы тек құжат жүзінде емес, халықтың нақты сұранысын ескере отырып жүзеге асуы керектігін айтты.

«Біздің мақсатымыз – кәсіби қоғамдастықпен бірігіп, адам мүддесіне бағытталған заңнамалық бастамаларды әзірлеу» деді депутат.

Бас жоспарды іске асыруда абаттандыру және әлеуметтік нысандарды орналастыру бойынша елорда тұрғындарының пікірлеріне баса назар аударылатын болады.

ҚЫСТА ҚАНША ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ?

Елордада коммуналдық қызметтер қыс басталғалы бері тәулік бойғы күшейтілген жұмыс режиміне көшкен. Боран мен қолайсыз ауа райына қарамастан қар күреу жұмыстары тоқтаусыз жүргізіліп жатыр.



Атап айтқанда, өткен түнде қаладан 3 146 ауыр жүк көлігінің рейсімен 42 мыңнан астам текше метр қар шығарылды. 9 қаңтар күні таңертеңгі ауысымда қар тазалау жұмыстарына 3 мыңнан астам жол жұмысшысы және 1 500-ден аса арнайы техника жұмылдырылды. Жалпы қыс басталғалы бері қаладан қар полигондарына 155 982 рейспен екі миллион текше метрден астам қар шығарылды.

Ең алдымен, негізгі көше магистральдары мен қоғамдық көлік бағыттары тазартылуда. Одан кейін қозғалыс қарқыны орташа аумақтарда – аулаларда, алаңдарда, тротуарлар мен аялдамаларда қар тазалау жұмысы жүргізіледі. Қала тұрғындарының қауіпсіз жүруін қамтамасыз ету мақсатында жолдарға, тротуарлар мен көшелерге техникалық тұз себіліп жатыр. Бұл жұмыс та тәулік бойы атқарылуда. Сонымен қатар аула аумақтарының тазалығын қамтамасыз ету ПИК пен МИБ-тің міндеті екені атап өтіледі. Аталған ұйымдар тұрғындардың қауіпсіздігі мен қолайлылығы үшін аулаларды қар мен мұздан уақытылы тазалауы тиіс.


Астана қаласының әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарын қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жолдар мен тротуарларда барынша сақ жүруге, сондай-ақ ауа райы қолайсыз күндері алыс сапарларға шықпауға шақырады.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Астанада қоғамдық тамақтану нысандарында өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған көшпелі түсіндіру іс-шаралары жалғасуда. Жұмыс қала бойынша Төтенше жағдайлар департаменті мен аудандық әкімдіктердің бірлесуімен өтіп жатыр.

Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты – өртке байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу және профилактика жүргізу. Тексеру барысында электр сымдарының жағдайына, желдету және сорғы-тазарту жүйелерінің жарамдылығына, сондай-ақ алғашқы өрт сөндіру құралдарының болуы мен жарамдылығына ерекше назар аударылады. Мамандар қаладағы алты аудан аумағында орналасқан 80-нен астам қоғамдық тамақтану нысанын тексерді.

– Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті қала әкімдігімен бірлесіп дөнер, тандыр павильондары мен өзге де қоғамдық тамақтану орындарында профилактикалық рейдтер өткізуде. Іс-шараның басты мақсаты – өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына бақылауды күшейту және алдын алу жұмыстарын жүргізу. Рейд барысында газ және электр жабдықтарының қауіпсіздігі, сондай-ақ өрт сөндіру құралдарының бар-жоғы мен жарамдылығы тексеріледі, – деді Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Ғабит Бабаев.



ҚАЗАҚ СЫНЫБЫНА БЕЙІМДЕЙДІ

Астана қаласының №28 мектеп-лицейінде «Тілдік орта: отбасы және қоғам» жобасы аясында тілдік тренинг-шеберлік алаңы ұйымдастырылды. Аталмыш іс-шарада қазақ тілін меңгеру үдерісіне ата-аналарды тарту арқылы балаларға қолайлы тілдік орта қалыптастыру көзделген.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Жоба аясындағы жұмыс биылғы оқу жылында 1-сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен басталған. Қазіргі таңда жобаға 20 ата-ана қатысып жүр. Аралас мектеп жағдайында қазақ сыныптарының санын арттыру – жобаның негізгі міндеттерінің бірі. Осы мақсатта балалармен қатар ата-аналар да қазақ тілін бірге меңгеруде.

Жоба авторы, Әдістемелік орталықтың басшысы Сындар Мұратқызының айтуынша, ата-аналардың қазақ тілін үйренуі – балаларға тілді меңгеруде тікелей көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

– Бүгінгі іс-шара ата-аналардың алғашқы кезеңдегі, яғни қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығындағы жұмысының нәтижесін көрсетуге бағытталды. Балалар келесі оқу жылында да жобаны жалғастырады. Бұл үрдіс тек бастауыш сыныппен шектелмей, оқушылар қазақ тілін еркін меңгергенге дейін жалғасады, – деді ол.

Жобаның басты бағыттарының бірі – қазақ тілін меңгеруде қиындық көріп отырған ата-аналарға қолдау көрсету. Себебі қазақша еркін сөйлей алмайтын балаларды ата-аналар қазақ сыныбына беруге жиі тартынатыны белгілі. Осы мәселені шешу мақсатында жоба ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізуді көздейді. Аталған жоба бүгінде Астана қаласындағы 16 мектепте жүзеге асырылып жатыр.

№2-3 (4901) 10/01/2026 Сенбі



Дархан МЫҢБАЙ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

ПАРАСАТТЫЛЫҚ ТАНЫТАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

– Мемлекет басшысы сұхбатында «Turkistan» газетінің атауына ерекше тоқталып, ықпалды басылым екеніне көпшіліктің назарын аударуы тегін емес. Басылымның негізін қалаған Қалтай Мұхамеджан ағамыздың осыған байланысты айтқан бір әңгімесі ойымызға оралды. Сол кезеңдегі қоңсы елдің президенті Ислам Каримов қарамағындағыларға: «Ай қарап жүріпсіңдер, қазақ ағайындар бір газетіне «Түркістан» атауын беріп, алдымызды орап кетті» деген көрінеді... Анығын Алла біледі, бірақ жазушының, тұңғыш бас редактордың құлағына сондай әңгіменің жеткені өтірік емес.

Ал көрші мемлекеттің қазіргі басшысы болса, рухани астана – Түркістан қаласына зәулім мешіт салып беріп, тілеулестігін білдіріп жатыр. Айтайын дегеніміз – Түркі мемлекеттері ұйымының (бұрынғы атауы – Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі) құлағына алтын сырға алдағы кезде халықаралық газетті түркі тілдес елдерде жаздырып, тарату жағына көңіл бөлінсе, құба-құп болар еді. Ал бауырлас елдер арасында ынтымақ пен бірлікті, экономикалық, мәдени байланыстарды арттыру жолында еңбек етіп жатқан газет ұжымына шығармашылық табыс тілейміз.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың:

«Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады. Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді» деген бағасын және оқу мәдениетіне мән беруін еліміздегі барлық газет-журналдарды қолдап, оларға сенім артуы деп қабылдаған жөн. Енді еліміздегі ұлттық компаниялар, холдингтер, меншік түріне қарамастан барлық ұйымдар мен ұжымдар, мекемелер мен жеке кәсіпкерлер осы айтылғаннан қандай қорытынды шығарады, нендей іс атқаруға тиіс?

Осыдан тура 100 жыл бұрын біртуар қайраткер, Ағарту министрі Смағұл Сәдуақасұлы «Еңбекші қазақ» (1926 жылы 7 ақпанда) газетінде жариялаған «Мәдениет тәрбиесі» мақаласында:

«Ұлт театры – мәдениеттің үлкен бір кесегі. Бұл іске көзі ашық деген қазақ азаматтары жұмыла жәрдем берсе керек еді. Бірақ, іс жүзінде олай болмай отыр.

Ашылғалы бері театрға басын бір сұқпаған кісілер бар. Қара қазақ үйіне сыйлайтын қонақ келгенде тоқты сояды. Газет алдыруға жарты тоқтының құнын да қимайды. Бұны қара қазақ, әрине, надандығының арқасында істейді. Надан емес, оқыған қазақ та кейбір ауылдағы ағасының сарынына түсіп кететіні бар. Бес-он тиынды кейде орынсыз жұмсап жібереді де, театрға дегенде ақша да, уақыт та табылмай қалады. Бұ да біздің надандығымызға жатады» деп жазған еді.

Заман ауысты, уақыт өзгерді, мүлдем басқа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Өкінішке қарай, осы мәселе күн тәртібіне бүгін де өткір қойылып отыр. Сондықтан, қайта өрлеу дәуірі бастауында төл басылымдарды ісімізбен қолдап, парасаттылық танытатын кез келді деп ойлаймыз. Өйткені бәрі сана-сезімге, жауапкершілікке байланысты.



Мәдина ӘЖІКЕНОВА,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

ӘСКЕР ЖАСТАРДЫ ШЫҢДАЙТЫН ОРТА БОЛУЫ КЕРЕК

– Президенттің «Turkistan» газетіне берген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында ел өміріне қатысты көптеген маңызды мәселелер көтерілді. Соның ішінде жастардың жағдайы, әскердегі тәртіп және алдағы жылдардағы ел дамуы туралы нақты ой айтылды.

Президент жастардың ел болашағына бейжай қарамайтынын атап өтті. Бүгінгі жастардың күші де, сенімі де бар. Кейде олардың ісі ересектерге түсініксіз көрінуі мүмкін. Бірақ жастар Қазақстанның дамығанын қалайды. Сондықтан олардың пікірін тыңдап, ойымен санасу қажет. Сонымен бірге, жастардың бос қиялға берілмей, өмірге тіке қарап, еңбек етіп, тәртіпке үйренуі тиіс екені айтылды.

Әскер мәселесіне қатысты Президенттің ұстанымы айқын. Бейбіт заманда сарбаздардың жарақат алуы немесе қаза болуына, әскерде бір-біріне қысым көрсетуге, ұруға, қорлауға, адамдарды бөліп қарауға жол берілмеуі керек. Армия тәртіпке негізделуі тиіс, ал командирлер сарбаздарға үлгі болуы қажет. Әскер жастарды қорқытатын емес, керісінше, оларды шыңдайтын орта болуы керек. Бүгінде әскерден келген жастарға тегін оқу мен мамандық алу мүмкіндігі беріліп отыр.

Мемлекет басшысы алда саяси жаңару мен экономикалық өзгерістер жалғасатынын айтты. Ал цифрландыру мен жасанды интеллект енгізу мемлекет басқаруын, білім беру мен медицина саласын дамытуға жол ашпақ. Бұл өзгерістердің нәтижесі 2026 жылға қарай сезіле бастайды.

Сонымен қатар сұхбатта «Таза Қазақстан» бастамасының маңызы аталып өтті. Бұл бастама адамдарды жауапкершілікке, тәртіпке, елге жанашыр болуға шақырады. 2026 жылдың Халықаралық еріктілер жылы болып жариялануы осы бағыттағы жұмыстардың жалғасатынын көрсетеді. Жалпы алғанда, Президенттің сұхбаты елдің болашағы - жастарға, тәртіпті әскерге және жауапты қоғамға тікелей байланысты екенін көрсетті.



Майра ӘЛІМХАНҚЫЗЫ,
Астана қаласы Сарайшық ауданы «Қайсар» бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы:

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЙТЫЛДЫ

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген сұхбатын бастан-аяқ оқып шықтым. Менің ойымша, бұл ретте жұртшылықтың көкейіндегі біраз мәселенің түйінін тарқатты.

Әсіресе, Мемлекет басшысы Қазақстан жаңа жаңғыру кезеңіне қадам басқанын нақты атап өтті. «Мен әрдайым қоғамның көңіл-күйі мен азаматтардың мұң-мұқтажын біліп отыруға тырысамын. Түйткілді мәселелер мен жоба-жоспарларды ашық әрі тура айтамын. Қазақстанның әлеуетін еселей түсу үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз бір ел болып, халықтың мүддесін қорғау жолындағы биік мақсатымыздың бәріне жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін» деді Президент.

«Таза Қазақстан» акциясын алдағы уақытта да ерекше назарда ұстайтынын айта келе, Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жұмыстың мән-маңызы өте зор екенін, себебі, «Таза Қазақстан» жұртты үнемшіл әрі ақпейіл болуға, даңғазалықтан арылуға, үнемі ізденіп, алға ұмтылуға, ортақ жауапкершілікті ұмытпауға, елге жанашырлық танытып, қайырымдылық жасауға үндейтінін ескертті.

Біздің бастамамызбен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Бұл қадам «Таза Қазақстан» идеясымен толық үндесетіні де көңілге қуаныш ұялатты. «Мен осы жалпыхалықтық қозғалысты айрықша маңызды идеологиялық акция деп санаймын. Өйткені тазалық дегеніміз – мағынасы терең, мазмұны сан қырлы ұғым. Тазалық ұғымы жан дүниенің де, жер дүниенің де тоқырауын емес, гүлденуін, кіршіксіз таза болуын білдіреді. Түптеп келгенде, тазалық ұлт болмысының өзегіне айналуға тиіс» деді Президент.

Жаңа кезең жаңаша жолды талап етеді. Сондықтан, ұлт болып ұйысып, бірлесе жұмыс істейтін уақыт келді. Елдің әрбір азаматы мемлекеттің дамуына, отбасылық құндылықтарды нығайтуға үлес қосуға міндетті деп есептеймін.



Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы мәслихатының депутаты, Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрағасы:

АСТАНА ЦИФРЛАНДЫРУДАН КӨШ БАСЫНДА ТҰРУЫ ТИІС

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында: «Биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады» деп нақты айтты.

Жасыратыны жоқ, Мемлекет басшысының осы сұхбатын күтіп жүрдім. Күнтізбелік жыл басы болғандықтан, күзгі Жолдаудан кейін елдің алдағы даму бағдарын тағы да бір айқындап беретін жақсы үрдіс. Онымен қоса, биыл халықтың әлеуетіне әсер ететін біршама кодекстер мен заңдар күшіне енді (Салық кодексі, Құрылыс кодексі, Банктер және банк қызметі туралы заң және тағы басқалар).

«Ағымдағы жылы саяси өзгерістердің жаңа кезеңі басталады, экономикалық реформалар жалғасын табады» деп Мемлекет басшысы сұхбатында ел дамуының жаңа кезеңі басталатынын атап өтті. Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрағасы ретінде біздің құзырымызға жататын цифрландыру мәселесі туралы пікірімді білдірсем деп едім. 2026 жылды Президент «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялағандықтан Астана қаласының әкімшілігі мен мәслихаты елорданың цифрландырудан еліміз бойынша көшбасшы болуына жете көңіл бөлуде.



Президенттің «Smart City» жобасы аясында Біріккен Араб Әмірліктерінің (БАӘ) озық тәжірибесін енгізу жөніндегі хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында 2025 жылғы 14 ақпанда «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Astana Innovations» акционерлік қоғамы және жеке әріптес – «Presight AI Ltd» компаниясы арасында «Астана қаласы үшін жасанды интеллект базасында қалалық инфрақұрылымды басқару шешімі» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын (бұдан әрі - МЖӘ жобасы) іске асыру туралы шартқа қол қойылды. Қазіргі уақытта аппараттық-бағдарламалық кешенінің ескі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы аясында құрылған инфрақұрылым жеке әріптеске табысталды. Биыл Ахуал орталығының құрылысы аяқталады. 100 серверлік тіреуі бар деректерді өңдеу орталығын да іске қосамыз. 20000 астам интеллектуалды бейнекамера орнатылып жатыр. Биыл МЖӘ жобасының нысандарын өндірістік пайдалануға беру жоспарлануда. Мұндай жұмыстар цифрландыру қарқынын күшейтіп, еліміз бен елордамыздың игілігі жолында жаңа мүмкіндіктердің бастауы болары анық.



Есберген АЛАУХАНОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМҒА БАСТАР ЖОЛ

– Мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбатында айтылған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді» деген ұстанымды толық қолдаймын. Бұл – уақыт талабына сай, елдің құқықтық және институционалдық дамуы үшін аса маңызды бағыт.

Заң ғылымдарының өкілі, криминология саласында еңбек етіп жүрген ғалым ретінде айтарым, біз де өз тарапымыздан оқулықтар мен ғылыми монографиялар дайындап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми негіз қалыптастыруға үлес қосып келеміз. Ғылым мен тәжірибенің өзара байланысы бұл күрестің тиімділігін арттыра түсетіні анық.

Президент Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дербес мемлекеттік орган ретінде өз міндетін табысты атқарғанын атап өтті. Қабылданған институционалдық өзгерістердің басты мақсаты – жемқорлықпен күрестің тиімділігін арттыру. Себебі екі мемлекеттік органның бір функцияны қатар атқаруы нақты нәтижеге емес, керісінше, жүйелі жұмысқа кедергі келтіргені белгілі.



Мемлекет басшысы атап өткендей, жаңа форматтағы жұмыс тек жекелеген жемқорлық фактілерін анықтаумен шектелмей, қылмыстық әрекетті ұйымдастырушылар мен идеологтарды әшкерелеуге және оларды жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Бұл – сыбайлас жемқорлықпен күрестегі сапалы әрі нәтижелі қадам.

Сонымен қатар, жемқорлықтың алдын алу мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі өте орынды. Түсіндіру және ағарту жұмыстары Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзыретінде қала беруі – жүйелі профилактикалық жұмыстың кепілі. Жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениетін қалыптастыру үшін бұл құндылықты балаларға жастайынан сіңіру қажет деп санаймын. Бұл ретте мектептердің, ата-аналардың, қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтардың рөлі айрықша. Президент Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сан қуалаудан гөрі, сапалы әрі нақты нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізетінін атап өтті. Мұндай ұстаным мемлекеттік қызметшілердің батыл әрі жауапты шешім қабылдауына жол ашады, ал бұл өз кезегінде басқару жүйесінің тиімділігін арттырады.

Жалпы, Мемлекет басшысының бұл сұхбаты Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес алдағы уақытта да жүйелі, ғылыми негізделген әрі нақты нәтижеге бағытталған түрде жалғасатынын айқын көрсетеді.

ҚАЖЫРЛЫ ДА ҚАЙРАТТЫ АРДАГЕР

Астана қаласының тұрғыны, Қазақстан Республикасының құрметті еңбегі сіңген қаржыгері, профессор, шетел компаниясында жұмыс істеп мол тәжірибе жинақтаған ұстаз, ардақты ақсақалымыз Смағұл Сақанұлы Жұмабеков 90 жасқа толып отыр.

1936 жылы 8 қаңтарда Ақмола қаласында дүниеге келіп, орта мектепті, жоғары оқу орнын үздік бітіріп, Қазақстан Республикасының қаржы және салық жүйесінің ардагері, қаржы және салық қызметінің үздігі дәрежесіне көтерілді. Өмірінің 40 жылдан астам еңбек жолын мемлекетке адал қызмет етуге арнады, оның ішінде 30 жылға жуығында Ақмола облысының қаржы және салық органдарын басқарып, өнегелі еңбек тәртібін орнатып, жол көрсетті.

С.Жұмабеков – Қазақстан Республикасының экономисі, II дәрежелі салық қызметінің мемлекеттік кеңесшісі, Қазақстан Республикасының құрметті аудиторы және құрметті зейнеткері атақтарының иегері. Оның көп жылғы адал және жемісті еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Мемлекеттік кірістер комитетінің, Республикалық ардагерлер ұйымының «Құрмет белгісі» төсбелгісімен және грамоталарымен марапатталды.

Өз өмір жолын Смағұл Сақанұлы былай сипаттайды: «Балалығымыз ерте аяқталды, колхоздың егістік алқабында өстік. Көкөніс жинадық, бидайдың масағын тердік, шөп ордық. Шыдадық, шыңдалдық. Сол үшін «Тыл еңбеккері» атағын берді. Кейін өмір бойы қаржы жүйесінде қызмет атқардым. Ақмола облысы қаржы басқармасының басшысы, облыстық салық басқармасының төрағасы, салық қызметінің II дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі болдым. Еңбек сіңірген экономист атандым».



Қазіргі кезде зәулім үйлері, әсем ғимараттарымен әлемдегі атаулы елордалардың біріне айналған Астана қаласының өркендеуі жөнінде еске алған Смағұл Сақанұлы: «Мен Ақмолада дүниеге келдім. Ақмола, Целинный өлкесінде, Целиноградта тұрып, қазір Астанада тұрып жатырмын. Бұрынғы кезде қалада жалғыз саябақ, жалғыз көпір болды. Қаладағы ең маңызды оқиға Теміржолшылар күні болатын. Біз тыңдармандар сарайына қуана барып тұратынбыз, бұрын бұл «Отан» кинотеатры болатын. ЦУМ-ның (Орталық жалпы дүкен) пайда болғанына дейін ол жер «Жасыл қатар» деп аталды. Неге екенін білесіз бе? Өйткені бірқатар дүкен болды және барлық темір есік жасыл бояумен боялған. Онда жеңіл өнеркәсіп өнімдері, маталар, тұрмыс тауарлары сатылды. Жеңіс даңғылымен теміржол вокзалынан электр пойызы теміржолмен Ленин даңғылына (қазіргі Абай даңғылы) дейін жүрді. Автобустар аз болды. Адамдар, негізінен, қаланы жаяу аралап жүретін. Мен әдетімді өзгертпеймін, әлі күнге дейін жұмысқа жаяу барамын. Ескі Қаржы министрлігінің ғимаратынан Самалға дейін күнде жаяу жүргенді әдетке айналдырдым. Бұрынғы Целиноград шаңды болды. Шаңды дауылдар тың жерлерді жыртқаннан кейін пайда болды, жырту кезінде қателіктер жіберілді, кейін олар түзетілді. Біздің аймақ қазір қала саяжайлардың аумағын алып, одан әрі кеңейе берді. Шаңды қала өркениетті шаһарға айналды. Бұрынғы кезде борандар шатырдан жоғары қарларды үйіп тастайтын, қатты аяздар мен қарлы борандар жиі болатын. Біз бала кезімізде жарты ай бойы мектепке бармайтын едік. Жазда ыстық су болмайтын, электр қуаты да жиі үзіліп қала беретін. Енді біз оның не екенін ұмытып та кеттік. Бізде тек армандауға болатын әдемі қала бар. Ол әлемдік қалалардың біріне айналды».

> Смағұл Сақанұлының қажымас қайраты, адал әрі ерен еңбегі, парасатты мінезі, мол тәжірибесі – жас ұрпаққа, орта буынға және ардагерлерге баға жетпес өнеге

Асқаралы ғұмырының мерейлі 90 жасын еңсерген Смағұл ақсақалымыз қажыр-қайратының молдығының арқасында бүгін де «Салық қызметінің ардагерлері» ұйымының бірінші вице-президенті, Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігі тұрақты тексеру комиссиясының төрағасы лауазымдарында өнегелі еңбек етіп, мол тәжірибесімен бөлісуде.

Смағұл Сақанұлының қажымас қайраты, адал әрі ерен еңбегі, парасатты мінезі, мол тәжірибесі – жас ұрпаққа, орта буынға және ардагерлерге баға жетпес өнеге.

Осындай мерейлі де мерекелі сәтте елордалық Ардагерлер кеңесі зор ризашылық білдіре отырып, Смағұл ағаға мықты денсаулық, көтеріңкі көңіл күй, белсенді өмірінің ұзақ әрі баянды бола беруіне шын жүректен тілектестік білдіреді.

Астана қалалық Ардагерлер кеңесі



ҚАЛАММЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

«Жастық шақ баршаға тиесілі, қарттық – тек таңдаулылардың ғана еншісіне тиетін игілік» депті бір ғұлама. Сондай таңдаулылардың ғана маңдайына нәсіп етіліп жазылған игілікке ие болған әріптесіміз Талғат Қасен мерейлі 70 жасқа толып отыр. Ол осы саналы өмірінің 34 жылын журналистика саласына арнаған екен. Адам өмірі үшін бұл аз уақыт емес.

Талғат Қасеннің өткен еңбек жолын ақыл таразысына сала қарасаң, оның кеудесінде кеңес заманының түсінігін санасына сіңіргендер үшін үлкен игілік болып саналатын самсаған орден-медальдері жоқ, биік мансапқа да қол жеткізбеді, атағын аспандатып, Алашқа танымал да болған жоқ, десе де, өз деңгейінде елдің игілігі, қоғамның қажеті үшін аянбай жұмыс істеді.

Өмірде мынадай адамдар болады: көзге түсуге тырыспайды, атағын шығарып, биік марапаттар алмайды, бірақ та ортақ істе айтулы орны бар және ол кетсе-ақ орны опырылып көрініп тұрады. Тәкең – Талғат та сондай адамдардың санатынан. Целиноградтың инженерлік-құрылыс институтын бітірген оның журналист боламын деп ойламағаны анық. Ол кезде инженер деген екінің бірінің қолы жетпейтін мәртебелі мамандық болып саналатын. Біраз жылдар инженер-механик қызметін атқарған Тәкең 1985 жылы Қорғалжын аудандық газетіне қызметке ауысады. Мұның өзі тағдырдың жазуымен дейтін өмір жолының өзі салған соқпағы еді. Алғашында аудармашы, тілші қызметтерін атқарған ол уақыт өте келе шығармашылық жұмыстың қызығына елігіп, енді журналистікке шындап бетін бұрады. Қазақ тілінде шығатын аудандық газетте редактордың орынбасары қызметіне дейін өсіп, журналистиканың біраз баспалдағынан өтеді.

Содан 1995 жылы ол облыстық «Арқа ажары» газетіне ауысты. Бұл астана әлі көшіп келмеген, бірақ Арқа өңіріне ауысады екен деген әңгіме шығып жүрген шақ еді. Өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы қатар өркендеген іргелі облыстың бас газетінде істеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ол газеттің ең ауыр және жауапты бөлімі саналатын экономика бөлімінде тілші болып еңбек етті. Қазақ журналистері үшін экономика тақырыбы ауыр тақырып саналады. Соған орай, екінің бірі бұл салаға баруды қалай қоймайды. Тәкең ә дегеннен журналистер үшін ауыр тақырып саналатын экономика саласына қалам тартып, сөйтіп сол саланың білікті маманына айналды.

Мен 1999 жылдың маусым айында «Арқа ажарына» қызметке келдім. Міне, сол кезден бастап Тәкеңмен бірге жұмыс істеудің сәті түсті. Бірге еңбек ете жүріп, оның біраз қырын тереңірек танып-білуге мүмкіндік туды. Ол «редакцияның сары өгізі» деп әзілдеп атайтын газеттің жарты жүгін көтеріп жүретін Амангелді Жұмабектің бөлімінде қызмет істеді. Алғашқы жылдары электр машинкамен жұмыс істейтін ол кейінірек компьютер шыққанда бірден компьютерді оңай меңгеріп алды.

«Арқа ажары» газеті 2007 жылдан Көкшетау қаласындағы баспаханада басылып шығатын болды. Астанада тек тілшілер қосыны қалып, елорда төңірегіндегі аудандардан хабарлар жазып тұрды. Ол кезде облыс әкімінің аудандарға сапарлары жиі болып тұратын және оны тәжірибелі, әсіресе экономика саласын жақсы білетін журналист жазуы тиіс болатын. Міне, сондай облыс әкімінің іссапарларын Тәкең жиі жазып тұрды.

Астанадағы тілшілер қосынының жетекшісі Бәдуан Имаш зейнетке шыққан соң, бұл қызметті Талғат Қасен мойнына алды. Сол жылдарда ол Астананың өз ішіндегі ғана емес, елорда маңындағы аудандарда болатын барлық шараға қатысып, жазып жүрді. Мұндай сапарларға ол өзінің жеке меншік көлігімен баратын. Бензинге ақша бер, машинам сынып қалды, соған қосалқы бөлшек алуға көмектес деген жоқ, ол жұмыс сапарына берілетін азын-аулақ ақшаны қанағат етіп, жұмыс сапарларына жиі баратын.

Астанадағы тілшілер қосынында еңбек ете жүріп, ол көптеген депутаттармен, министрлермен, ақын-жазушылармен, аудан әкімдерімен түрлі өзекті мәселелерге арналған сұхбаттар алып, газетте жариялап тұрды. Тәкеңнің сондай сұхбаттары газеттің абырой-беделін көтеріп, басылымның ауыр жүгін арқалайтын ауқымды материал болатын. Ара-тұра ұзақ жылдар қалам тартып келе жатқан экономика, ауыл шаруашылығы тақырыптарында көлемді сараптамалық талдау мақалалар жариялап тұрады. Жанды цифрлармен, айғақтармен өрілген мұндай мақалалар нөмірдің жүгін көтеретін салмақты дүние болып шығатын.

2017 жылдың көктемінде «Арқа ажарының» сол кездегі басшылығы зейнет демалысына екі жылға жетпейтін уақыты қалған Тәкеңді Астанадағы тілшілер қосынының қажеті жоқ, қаржы жағынан тиімсіз деген желеумен оп-оңай жұмыстан қысқартты. Басшылық тіпті сол тұстағы Үкіметтің зейнетке шығуға жақын қалған адамды жұмыстан шығаруға болмайды деген арнайы қаулысын да назарға алмады. Басқа біреу болса 20 жылдан астам жұмыс істегенін, зейнет демалысына аз қалғанын айтып кетпеймін деп тіресіп отырып алар еді, тіпті соттасуға дейін барар еді. Бірақ Тәкең соттаспады да, боқтаспады да, есікті тарс жаппай, үн-түнсіз кетті.

Көп ұзамай газеттің басшылығы ауысып, Жабал Ерғалиев директор болып келді. Содан ол Тәкеңді қайта жұмысқа шақырды. Сөйтіп, ол 2019 жылдың соңына дейін газетте жұмыс істеді. Ал қаңтар айында зейнет демалысына шығысымен бірден арызын жазып, өз еркімен жұмыстан кетті. Оның бұл әрекеті кеңес заманынан қалған қызметтен қуып жібергенше кетпей жүріп алатын бүгінгі аға ұрпақтың бойында қалыптасқан әдетке қайшы еді.

Жалпы, Тәкеңнің бойында кеңес заманының адамдарында жиі кездесетін біраз қасиеттер болмайтын, ол, бәлкім, заман ағымына тез бейімделудің салдары ма, болмаса туа бітті бойына дарыған қасиет пе, кім білсін. Өзім араласа жүріп байқағанымдай, оның бойында басшылардың алдында құлдық ұрып жағымпаздану, ол не айтса да жалпақтап қоштай кетуге дайын тұратын жасанды елгезектік, біреулерді сыртынан жамандау сияқты жаман қасиеттердің бірі болған жоқ. Керісінше, шындықты бетке айтып, кейде басшылардың өзімен келіспеген мәселелер болса, ашық тайталасып сөз жарыстыра кететін қызбалау әдеті болды.

«Ат аунаған жерде түк қалады» дейді қазақ. Өмірден орнын тауып, жапырып жұмыс істеген адамның соңында істеген жақсы істері қалады. Астаналық облыстың бас газеті саналатын «Арқа ажарында» Тәкең жазған көптеген материалы оқырмандарының көзайымы болды. Оны сол тұста қалың оқырман оқып, түрлі сала бойынша ақпарат алды. Ал болашақта қажет еткен адам архивтерден тауып, кәдесіне жаратары даусыз.

70 жас – адам өмірі үшін үлкен айтулы кезең, өткеніне ой жүгіртіп, не тындырдым, не істедім деп өзіне-өзі есеп беретін шақ. Тәкең Астанадағы тілшілер қосынында еңбек еткен жылдарында жазған сұхбаттарының басын құрап, «Қаламмен өрілген өмір» атты қалыңдығы 300 беттен асатын көлемді кітап шығарды. Сол кітапты шығаруға қатысқан мен ондағы сұхбаттарды түгел оқып шықтым. Шынын айтқанда, кітапты елорда Арқа жеріне көшіп келген алғашқы жылдардағы еліміздің экономикасы тұрақты дамуға көшкен, халық еңсе көтеріп, тәуелсіз мемлекетіміздің іргесі қалана бастаған тарихи кезең туралы жазылған шежіре десе болады. Онда экономика да, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт, саясат, әлеуметтік сала да бар. Яғни барша жұртты толғандыратын ең өзекті мәселелер туралы жан-жақты баяндалған. Сол бір тарихи кезеңнің шежіресі ретінде кітап оқырмандар тарапынан жақсы бағасын алып, кітапхана сөрелерінен лайықты орын алатынында дау жоқ. 30 жылдан астам уақыт журналистика саласында еңбек еткен Талғат Қасен осы жинағымен бұл салада текке уақыт өткізбегенін, ел есінде сақталар сүбелі дүниелер жазғанын нақты дәлелдеп тұрғандай.

Қоғамнан өз орнын тапқан, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп ұлы Абай айтқандай, дүниенің кетігіне кірпіш болып қаланған сол темір ұстасы сияқты қай салада да өзіне тән орны бар адамдар болады. Талғат Қасенді де сондай ауыстыруға болмайтын кәсіби мамандардың бірі десе, шындықтан алыс кетпейміз. Ол зейнет демалысына кеткеннен кейін орны опырылып үңірейіп қалды. Газетте Тәкең жиі жазатын лауазымдағы қызметкерлермен, депутаттармен, әкімдермен сұхбаттар мүлдем көрінбейтін болды. Экономика тақырыбына арналған салиқалы сараптамалық мақалалар да жоқ. Осылайша, Тәкеңнің орны опырайып тұр.

Бүгінде жақсы жар, сүйікті әке, сүйікімді ата болып отырған Тәкең – Талғат Қасен мерейлі 70 жастың табалдырығын аттады. Мерейлі жасың құтты болсын, деніңе саулық, отбасыңа береке-бақыт тілей отырып, туыс-бауыр, дос-жараның көзін қуантып әлі де ұзақ ғұмыр сүре бер дейміз.

Қалкөз ЖҮСІП,
журналист

ДҮЙСЕНБІ
12 ҚАҢТАР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Жәдігер»
5:50 Дисней ұсынады: «Гарфилд 2».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». Телехикая.
10:10 «Бір сен үшін». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...».
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
14:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Ақорда»
15:15 «Дәуір даналары». Деректі фильм
16:00 «Күйеу бала». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». Әлеуметтік ток-шоу. Тікелей эфир
18:00 «БІР СЕН ҮШІН». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». Телехикая.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
23:10 «Қыз тағдыры». Телехикая.
0:10 «Қазір айтайық». Әлеуметтік ток-шоу.
0:55 АҚПАРАТ
1:25 «Ашық алаң». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
2:15 «Қызық екен...».
2:55 «Ауылдастар».

05:00 Концерт «Махаббат әлемі»
07:00 «Оян!»
09:00 «Дәстүр»
09:40 Телехикая «Ғашықтың тілі»
11:30 Телехикая. «Келінжан 2»
12:30 «ОйнаIQ»
